



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > ЮНИСЕФ: мектеп жасындағы 462 млн. бала гуманитарлық дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатыр

Мел, 04.05.2016

Мектеп жасындағы шамамен 462 млн. бала жанжал немесе табиғи апаттар салдарынан туындаған гуманитарлық дағдарысты елдерде өмір сүріп жатыр. Бұл туралы БҰҰ (ЮНИСЕФ) балалар қоры хабарлайды. Бұл шамамен барлық әлемдегі мектеп жасындағы балалардың төрттен бір бөлігі.

Ұйымның мәліметтері бойынша, соғыс қимылдары болып жатқан жерлерде тұратын 3 пен 18 жас аралығындағы 75 млн. бала білім алуда жедел түрде көмекке зәру. Білім беру бағдарламаларының үлесі гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі жаһандық сұраныстың небәрі 2%-ын құрайды.

Бастауыш және орта сынып оқушылары жасындағы 37 млн.-нан артық бала мектепке бармайды. Сонымен қатар, жанжалдар мен табиғи апаттар кесірінен оқу орындарының саны азайып келеді. Бесжылдық әскери қимылдар кесірінен 6 мыңнан астам мектеп жабылған Сирияның жағдайы қазір ең ауыр. 1800-ден астам мектеп Нигерияның солтүстік-шығысында және Камерунда жабылды.

Бұл баяндаманы ЮНИСЕФ Стамбулда өткен Дүниежүзілік гуманитарлық саммиттың ашылуына бірнеше апта қалған кезде жариялады. Бұнда "Білім уақыт күтпейді" жаһандық қорды құру туралы айтылады деп күтілуде. Оның мақсаты - дағдарыс жағдайында қалған балаларды қолжетімді біліммен қамтамасыз ету.

БҰҰ балалар қоры алдыңғы 5 жылда 13,6 млн., 2030 жылға қарай 75 млн. баланың біліміне жұмсалатын жобамен \$4 млрд. жинауды жоспарлап отыр.
